

1999 жылға арналған мемлекеттік бюджеттің жобасын әзірлеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 16 наурыздағы N 219

1999 жылға арналған мемлекеттік бюджеттің жобасын әзірлеу, бюджет процесін одан әрі жетілдіру, сондай-ақ бюджеттік қаражаттарды жұмсауды оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарының қатысуымен мыналарды әзірлесін және ұсынсын:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп, 1998 жылдың 23 наурызына дейін белгіленген нысан бойынша (1-қосымша) 2003 жылға дейінгі кезеңге арналған бюджеттік саясаттың бағыттары мен басымдықтарын (қажетті есептеулермен және негіздемелермен бірге), сондай-ақ 1999-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бюджеттің негізгі көрсеткіштерінің болжамын және мемлекеттік бағдарламалардың т і з б е с і н ;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген тізбе бойынша 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасының 1999-2003 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің болжамын;

1998 жылғы 1 шілдеге дейін Қазақстан Республикасының 1999-2003 жылдарға арналған индикативтік жоспарының жобасын;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп, 1998 жылдың 15 сәуіріне дейін оларға қатысты мемлекеттік органдар мен мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардың санын оңтайландыру туралы ұсыныстарды;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп, 1998 жылдың 10 сәуіріне дейін 1999-2003 жылдарға арналған Мемлекеттік қарыз алу бағдарламасын;

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігімен және Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп, 1998 жылдың 15 сәуіріне дейін:

мемлекеттік органдар үшін, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттің қаражаттары есебінен ұсталатын ұйымдар үшін аймақтардың ерекшеліктерін ескере отырып, 1999-2000 оқу жылдары жоғары және арнаулы орта оқу орындары бойынша мемлекеттік тапсырыстың құрамына кіретін мамандықтардың тізбесін;

мемлекеттік меншікте қалатын жоғары оқу орындарының тізбесін;
1999-2000 оқу жылдарынан бастап мемлекеттік тапсырыстың негізінде жоғары

және арнаулы оқу орындарында оқитын мамандықтар бойынша студенттердің саны
т у р а л ы а қ п а р а т ;

2) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне:

1998 жылдың 1 сәуіріне дейін белгіленген нысан бойынша (2-қосымша), олардың ішінен басымдықтарды бөліп көрсете отырып, мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруға ұсынылатын бағдарламалардың тізбесін;

1998 жылдың 15 сәуіріне дейін:

1999 жылға арнап тоқсан-тоқсанға бөле отырып электр энергиясына, жылуға және басқа жа коммуналдық қызметтерге, байланыс қызметтеріне, аумақтық тұрғыда көлік түрлері бойынша, сондай-ақ тұтынушы топтары бойынша (шаруашылық жүргізуші субъектілер, бюджеттік ұйымдар және халық) жүк және жолаушылар тасымалына бағалар мен тарифтердің деңгейінің болжамын;

мемлекеттік борыштың лимиттерін айқындауға және мемлекеттік кепілдіктер ұсынуға қажетті алдағы 10 жылдық кезеңге арналған Қарыз алу бағдарламасының көрсеткіштерін, сондай-ақ 1999 жылға арналған республикалық бюджеттің жобасында оларды лимиттермен бірге көрсету үшін инвестициялық басымдықтарды;

облыстар, Ақмола және Алматы қалалары бойынша 1999 жылға арналған ішкі жалпы өнімнің номиналдық көлемін және республика бойынша ішкі жалпы өнімнің құрылымын ;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген 1999 жылға арналған номенклатура бойынша тауарларды, жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) өндірудің және сатудың аймақтық тұрғыдағы көлемдерін;

аумақтық тұрғыдағы 1999 жылға арналған қажетті есептеулерді қоса беру арқылы, жұмыс істеушілердің санын, еңбекке ақы төлеу қорын және жұмыссыздардың санын;

елдер мен есептеулердің түрлері және тауарлардың топтары бойынша 1999 жылға арналған импорттың және экспорттың болжамын;

аумақтық тұрғыда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген номенклатура бойынша заттай түрде және ақшалай түрде өнімдердің аса маңызды түрлерін өндіру туралы ақпаратты;

аумақтық тұрғыда 1999 жылға арналған пайданың (кірістің) болжамын;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген көрсеткіштер бойынша статистикалық ақпаратты;

Қазақстан Республикасының облыстары бюджеттерінің болжамдары мен жобаларын әзірлеуге қажетті ақпаратты;

3) Облыстардың, Ақмола және Алматы қалаларының әкімдеріне:

Қазақстан Республикасының 1999 жылға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының Индикативтік жоспарының негізгі көрсеткіштерінің болжамдарын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1998 жылғы 15 наурызға дейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Стратегиялық жоспарлау және

реформалар жөніндегі агенттігінің, Ұлттық Банкінің (келісім бойынша) өкілдерінен 1999 жылға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру жөніндегі бюджеттік комиссияның жеке құрамын Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізсін.

3. 1999 жылға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру жөніндегі бюджеттік комиссия (ол бекітілген соң) 1998 жылдың 1 мамырына дейін функционалдық топтардың тұрғысында 1999 жылға арналған мемлекеттік және республикалық бюджеттер шығыстарының жоғары лимиттерін қарасын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізсін (1-қосымша).

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) 1998 жылғы 15 наурызға дейін 1999-2003 жылдарға арналған болжамды:

инфляцияның, теңгенің айырбас бағамының және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қайта қаржыландырудың ресми ставкасының деңгейін әзірлесін және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігіне ұсынсын.

5. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (келісім бойынша) 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін 1999-2003 жылдары көзделіп отырған бағалы қағаздар эмиссиясы үшін алымның мөлшері жөніндегі есептеулерді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ұсынсын.

6. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісім бойынша 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін:

құрал-саймандардың жарақтандырылуының, тозуының және ауыстырылуының нормасын;

мемлекеттік тапсырыстың негізінде даярланатын жоғары оқу орнының бір студентіне және арнаулы орта оқу орнының бір оқушысына арналған шығындар түрлерінің тізбесін;

мемлекеттік тапсырыстың негізінде даярланатын жоғары оқу орнының бір студентіне, арнаулы орта оқу орнының бір оқушысына арналған шығындар түрлері бойынша нормаларды;

бастауыш, орталау және орта, кешкі (ауысымды) жалпы білім беретін мектептердің басшы қызметкерлерінің, әкімшілік-шаруашылық, оқу-қосалқы және қызмет көрсету қызметкерлерінің үлгілік штаттарын;

жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарына, аспиранттарына және докторанттарына, арнаулы орта оқу орындарының (колледждердің) оқушыларына стипендиялар тағайындаудың және төлеудің тәртібін;

мектепке дейінгі балалар мекемелері қызметкерлерінің үлгілік штаттарын әзірлесін және белгіленген тәртіппен бекітсін;

2) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп, 1998 жылдың 1

сәуіріне дейін мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын оқулықтармен қамтамасыз етудің тәртібі мен шарттарын әзірлесін және бекітсін;

3) 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін шарттық негізге көшу арқылы, мемлекеттік тапсырыстың негізінде Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің, жоғары (арнаулы орта) оқу орындарының және студенттердің (оқушылардың) арасындағы кадрлар даярлауды қаржыландырудың тетігін жетілдіру жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізсін;

4) 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорымен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне 1999 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қоры қаражатының есебінен қаржыландырылатын медициналық көмек түрлерінің тізбесін ұсынсын;

5) 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорымен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша медициналық мекемелерде стационарлық емдеу кезінде қосымша ақы төлеудің тәртібін әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізсін.

7. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі мемлекеттік тапсырыстың негізінде жоғары және арнаулы орта оқу орындарын бітірушілерді жұмысқа орналастырудың тәртібін әзірлесін және бекітсін.

8. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:

1) Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігімен бірлесіп, 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне 1999 жылға арналған есепті көрсеткіштің мөлшерін, ең төменгі жалақы мен зейнетақының тоқсан сайынғы мөлшерін белгілеу жөнінде ұсыныс енгізсін;

2) 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісім бойынша жұмсақ және қатты құрал-саймандармен жарактандырудың табелін қайта бекітсін;

3) 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне аумақтық тұрғыдағы саны бойынша:

тұрғын үй жәрдемақысына құқығы бар тұрмысы төмен азаматтардың; жеңілдіктердің түрлері бойынша тиісті бюджеттерден өтелетін жеңілдіктерге құқығы бар азаматтардың;

мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар алушылардың; балаларға жәрдемақы алушылардың 1999 жылға арналған болжамын ұсынсын;

4) 1998 жылдың 1 мамырына дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Қазақстан Республикасы Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығының, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының, Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының 1999 жылға арналған бюджеттерінің жобаларын ұ с ы н с ы н .

9. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі:

1) 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне қолданылып жүрген тәртіпке сәйкес адвокаттардың тегін көмегі берілетін азаматтар с а н ы н ы ң б о л ж а м ы н ұ с ы н с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп 1998 жылдың 20 мамырына дейін республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар басшыларының жеке жауапкершілігін көздей отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметіне қаржы тәртібін күшейтуге және шаруашылық шарттарын жасасуды реттеуге бағытталған нормативтік құқық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныс енгізісін.

10. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне 1999 жылға арналған көшіп келу квотасының жобасын ұсынсын.

11. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қоры 1998 жылдың 1 мамырына дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорының 1999 жылға арналған бюджетінің жобасын тапсырсын.

12. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі 1998 жылдың 1 мамырына дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне 1999 жылға арналған Жол қоры бюджетінің жобасын ұсынсын.

13. Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін телерадиохабарын таратуға мемлекеттік тапсырыс туралы ереже әзірлесін және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынсын.

14. Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттікпен келісім бойынша, 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін белгіленген нысан бойынша (2-қосымша) 1999 жылға арналған мемлекеттік бюджетке енгізуге ұсынылатын ғылыми бағдарламалар мен жобалардың тізбесін әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізісін.

15. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі:

1) 1998 жылдың 25 наурызына дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне аумақтық тұрғыда мынадай: т а м ы р л ы а ғ а ш т а р д ы б о с а т у ;

санаттары бойынша жерлер, оның балл-бонитетпен бағалануы туралы; су жинау қорғанының тұтынушылар бойынша лимитінің көлемі туралы деректер ұ с ы н с ы н ;

2) 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін:

су берумен байланысты емес, су шаруашылығы объектілерінде жоспарлы алдын алу және күрделі жөндеулерді жүргізуге арналған материалдық және техникалық ресурстар шығыстарының кезеңділігі мен нормаларын;

бір орман шаруашылығына шаққандағы алаңдардың көлемдерін және қызметкерлер, оның ішінде орманшылар, тоғайбасы көмекшілері, тоғайшылар санының нормативін; орман және аңшылық шаруашылық бірлестіктері тұрғысында, орманды алқаптарды ;

бір орманшыға келетін шолу нормасын;

орман шаруашылық және авиа-орман қорғау жұмыстарын орындауға арналған шығыстардың және бағалардың нормаларын бекітсін;

3) 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне :

1999 жылға арналған жерге меншік құқығын, жер учаскелерін жалға алуды қоса алғанда жерді пайдалану құқығын сатудан мемлекеттік бюджетке түсімдерінің б о л ж а м ы н ;

Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қорына қайтарымсыз негізде көзделетін шығыстардың негіздемелі есептерін;

ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге берілген машина жасау өнімдері үшін лизингтік төлемдер бойынша негізгі борышты өтеудің кестесін ұсынсын.

16. Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі:

1) 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Қоршаған ортаны қорғау қорына қаражаттың түсуінің болжамын және республикалық қоршаған ортаны қорғау қорының қаражаты есебінен қаржыландыру көзделген ш а р а л а р д ы ң т і з б е с і н ұ с ы н с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісім бойынша 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін:

мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен гидрометеорологиялық ақпаратты тұ т ы н у ш ы л а р д ы ң т і з б е с і н ;

республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын ұйымдарға ұсынылатын гидрометеорологиялық ақпараттар түрлеріне арналған тарифтер мен бағаларды әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізісін.

17. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісім бойынша 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін аумақтық тұрғыда

республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен қаржыландырылатын ұйымдардағы электр қуатына, жылу және өзге де коммуналдық қызметтерге, байланыс қызметтеріне, көліктің түрлері бойынша жүк және жолаушылар тасымалына, үйлерді ұстауға, ағымдағы және күрделі жөндеуге арналған шығындарының нормаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізісін.

18. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:

1) 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін:

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілерін заттай мүлікпен қамтамасыз ету нормалары;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің және Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің әскери қызметшілерін азық-түлікпен қамтамасыз ету нормалары;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери техникалары мен қару-жарақтарын пайдалану, жөндеу және конверсиялау кезіндегі жанар-жағар майлар, майлар және арнаулы сұйықтар шығынының нормаларын;

Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің әскери бөлімдерін және мекемелерін мал дәрігерлік мүлкімен жабдықтау нормалары.

2) 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісім бойынша:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіндегі әскери тасымалдарды ресімдеу жөніндегі басшылықты және олар үшін есеп айырысуды;

мерзімді қызмет әскери қызметшілердің әскери бөлімшелер жөнелтетін хаттарын, мерзімді қызмет әскери қызметшілеріне жіберілетін хаттарды және әскери қызметке шақырылған азаматтардың өз киімдерін тегін жіберу үшін есеп айырысудың тәртібін әзірлесін және белгіленген тәртіппен бекітсін.

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.05.19. N 762

қ а у л ы с ы м е н . Р 0 0 0 7 6 2 _

19. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

1) 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне белгіленген нысан бойынша (3-қосымша) аумақтық тұрғыда заңды және жеке тұлғалардың көлік құралдарының сандық құрамы жөніндегі 1999 жылға арналған б о л ж а м ұ с ы н с ы н ;

2) 1998 жылдың 15 мамырына дейін Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен бірлесіп, түзеу мекемелері кәсіпорындарының өндірістік қуаттарына тексеру жүргізісін, ұйымдардың ішкі және сыртқы рыноктарда сұранысқа ие өнімдерді шығару мүмкіндіктерін зерделесін, аталған мақсатқа арналған инвестициялардың көлемін анықтасын және оларды 1999-2003 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламалардың тізбесіне енгізу жөнінде ұсыныстар дайындасын;

3) 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасының Қаржы

министрлігімен бірлесіп, бір бас бостандығынан айыруға сотталған адамды ұстауға қажетті ақшалай қаражаттың нормативтерін әзірлесін.

20. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігімен бірлесіп, 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне оларға ведомстволық бағыныстағы жоғары және арнаулы орта оқу орындарының желілерін оңтайландыру жөнінде ұсыныстар енгізісін.

21. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

1) 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Қазақстан Республикасының елшіліктері мен консулдықтары бойынша 1999 жылы консулдық қызметтер көрсетудің себінен түсетін түсімдердің негізделген есептемелерін ұсынсын;

2) Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарының қатысуымен, "Байқоңыр" кешені объектілерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының түсуін қамтамасыз ету жөнінде Ресей Федерациясының тиісті мемлекеттік органдарымен қажетті шаралар жүргізісін;

3) Мүшелік жарналарды төлеу үшін қажетті шығындардың негізделген есептерін қоса беру арқылы, Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдардың тізбесін жасасын.

22. Екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жанындағы мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры 1998 жылдың 1 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне заңды тұлғаларға бұрын бюджеттің қаражаты есебінен берілген несиелер бойынша негізгі борыш пен сыйақылар (мүдделер) сомасының 1999 жылы өтелуі туралы деректер ұсынсын.

23. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) 1998 жылдың 1 мамырына дейін:

республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мемлекеттік қызметшілерді, әскери қызметшілерді және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін сақтандыру үшін сақтандыру ұйымдарына жарналар аударуының шарттарын жасауды және нормативтерін белгілеуді реттеу;

автокөлік иелері республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын жасауын реттеу жөнінде ұсыныстар әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметіне енгізісін;

2) 1998 жылдың 1 мамырына дейін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне конкурстық негізде 1999 жылы мемлекеттік бюджеттің

қаражаты есебінен сатып алынатын тауарлардың және орындалатын жұмыстардың (қызмет көрсетулердің) номенклатурасы және мемлекеттік сатып алу процесін реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган конкурстарды ұйымдастырушы болатын олардың тапсырысшыларының тізбесі бойынша ұсыныстар енгізісін;

3) 1998 жылдың 15 мамырына дейін:

1999 жылы жекешелендіруге жататын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін:

акцияларының мемлекеттік пакеттері қор рыноктары арқылы сатуға жататын кәсіпорындардың тізбесіне кіргізілген кәсіпорындардың бухгалтерлік шоттарының жаңа стандарттарына халықаралық аудит пен конверсия жүргізуді қамтамасыз етсін;

4) 1998 жылдың 15 мамырына дейін мемлекеттік және республикалық бюджеттердің 1999 жылға арналған шығыстарының жоғарғы лимиттерін республикалық бюджеттен қаржыландырылатын орталық мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, сондай-ақ облыстар, Ақмола және Алматы қалалары әкімдерінің н а з а р ы н а ж е т к і з с і н .

24. Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттары есебінен ұсталатын мемлекеттік органдар мен ұйымдар 1998 жылы 1 маусымына дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен үлгі бойынша республикалық және жергілікті бюджеттердің 1999 жылға арналған шығыстарының есебі үшін қажетті көрсеткіштерді;

Қазақстан Республикасының функционалдық және экономикалық бюджеттік жіктемесі бойынша республикалық және жергілікті бюджеттердің 1999 жылға арналған шығыстарының жоғарғы лимиттерін бөлу туралы деректерді;

олардың сыртқы көздердің есебінен алатын мақсатты ресми трансферттерінің (гранттарының) болжамды түрлері жөніндегі деректерді;

атқарылуы 1999 жылы республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын, қаржыландырудың нақты көздерімен қамтамасыз етілмеген шараларға шығындалуы мүмкін болатын нормативтік құқықтық актілерді өзгерту немесе қолданылуын тоқтата тұру, қолданысқа кезең-кезеңмен енгізу жөнінде ұсыныс тапсырсын.

25. Ақылы қызметтер көрсететін және республикалық және жергілікті бюджеттерден қолдауақы алатын ұйымдар 1998 жылдың 1 маусымына дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне өздерінің 1999 жылға арналған қаржылық балансының болжамын ұсынсын.

26. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1998 жылдың 25

тамызына дейін "1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің талқылауына енгізісін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылы 16 наурыздағы
N 219 қаулысына
1-қосымша

1999 жылға арналған мемлекеттік бюджеттің
негізгі көрсеткіштерінің болжамы

	1999 жылдың	
	болжамы	
I. Кірістер мен алынған ресми трансферттер		
A. Кірістер		
1. Салық түсімдері		
2. Салыққа жатпайтын түсімдер		
3. Капиталмен жасалған операциялардан алынатын кірістер		
Б. Алынған ресми трансферттер (гранттар)		
II. Шығыстар		
1. Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет көрсетулер		
2. Қорғаныс		
3. Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік		
4. Білім беру		
5. Денсаулық сақтау		
6. Әлеуметтік сақтандыру және қамсыздандыру		
7. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық		
8. Демалысты ұйымдастыру және мәдениет саласындағы қызмет		
9. Отын-энергетика кешені		
10. Ауыл, су және орман шаруашылығы, балық аулау, аң аулау және табиғат қорғау		

11. Кен өндіру өнеркәсібі және отынды қоспа.		
ғанда, пайдалы қазбалар; өңдеу өнеркәсібі;		
құрылыс		
12. Көлік және байланыс		
13. Экономикалық қызметке байланысты басқа да		
қызмет көрсетулер		
14. Негізгі топтарға жатқызылмаған шығыстар		
III. Өтеу шегерілген несиелендіру		
IV. Бюджет тапшылығы		
V. Бюджет тапшылығын қаржыландыру		

Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 1998 жылы 16 наурыздағы
 N 219 қаулысына
 2-қосымша

1999 жылы мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру
 ұсынылған бағдарламалардың

ТІЗБЕСІ

1. Бағдарламаның атауы

Бұл тарауды бағдарлама немесе жоба бекітілген құжатқа сәйкес бағдарламаның немесе жобаның толық атауы көрсетілуі керек.

2. Бекітілу деңгейі

Бұл тарауда бағдарлама, жоба бекітілген құжатты (Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, Үкіметінің қаулысы, келісім және т. б.) атауы керек.

3. Жылдар бойынша мақсаты және негізгі кезеңдері

Бұл тарауда бағдарламаның (жобаның) жалпы мақсаты және жылдар бойынша оны жүзеге асырудың негізгі кезеңдерін, яғни жұмыстың әрбір жылға арналған негізгі міндеттері мен көлемін көрсету қажет.

4. Мемлекеттік тапсырысшы

Мемлекеттік тапсырысшы - осы бағдарламаның (жобаның), іске асырылуы үшін жауапты министрлік (ведомство), орган.

5. Бағдарламаны іске асырудың бүкіл кезеңіне, оның ішінде қаржы жылына арналған қаржыландыру көзі.

Қаржыландырудың көзі республикалық бюджет, жергілікті бюджеттер

(оның ішінде мемлекеттік сыртқы заемның немесе гранттың қаржылары) болуы мүмкін. Егер бағдарлама (жоба) мемлекеттік сыртқы заемдардың немесе гранттардың есебінен жүзеге асырылса, онда нақты кредиторды немесе грант пен заемдарды берген ұйымды көрсету керек.

6. Орындалу нәтижелері

Бұл тарауда тұтастай алғанда бағдарламаны орындаудың жоспарлы нәтижелерін, сондай-ақ өткен жылдардың нақты нәтижелері мен осы жылғы және алдағы әрбір жылдағы бағдарламаны орындаудың жоспарлы нәтижелерін көрсету керек.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылы 16 наурыздағы
N 219 қаулысына
3-қосымша

Заңды және жеке тұлғалардың көлік құралдарының

ТІЗБЕСІ

Көлік құралдардың түрлері	Двигательдің қуаты кВт	Саны	Ескер.
Автобустар			
Мотоциклдер, мотороллерлер			
Катерлер, кемелер, тіркемелер, баржалар			
Яхталар, ұшатын аппараттар			

Жүк автомобильдері және басқалар				
Өздігінен жүретін машиналар				
Жеңіл автомобильдер, қуаттарына қарай:				
1-ден 3 жылға дейін (жеңіл автомобильдердің барлық маркалары)				
3-ден 5 жылға дейін (жеңіл автомобильдердің барлық маркалары)				
5 жылдан әрі (ТМД елдерінде жасалған жеңіл көлік құралдарынан басқа)				
5-тен 6 жылға дейін (ТМД елдерінде жасалған жеңіл көлік құралдары)				
6-дан әрі (ТМД елдерінде жасалған жеңіл көлік құралдары)				